

## Өнірлік жастар форумы туралы үлгілік қағидаларды бекіту туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 244 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 25 мамырда № 11153 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы № 128-НҚ бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 31.03.2025 № 128-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Мемлекеттік жастар саясаты туралы" 2015 жылғы 9 ақпандагы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 10) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған өнірлік жастар форумы туралы үлгілік қағидалар бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жастар саясаты департаменті (Р.С. Кәрібжанова) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін осы бұйрықты ресми жариялауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Т.О. Балықбаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Сәрінжіпов

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2015 жылғы 27 сәуірдегі  
№ 244 бұйрығымен  
бекітілген

## Өнірлік жастар форумы туралы үлгілік қағидалар

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Өнірлік жастар форумы туралы үлгілік қағидалар (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) "Мемлекеттік жастар саясаты туралы" 2015 жылғы 9 ақпандың Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 10) тармақшасына сәйкес өзірленді және өнірлік жастар форумдарын өткізу тәртібін айқындайды.

2. Өнірлік жастар форумы (бұдан әрі – Форум) – жергілікті атқарушы органдар мен жастар арасындағы өзара іс-қимылдың өнірлік деңгейін қалыптастыру мақсатында өткізілетін жастар өкілдерінің форумы.

3. Форум өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын "Мемлекеттік жастар саясаты туралы" Қазақстан Республикасының Заңын, басқа да нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Қағидаларды басшылыққа алады.

## **2. Форумның мақсаты, міндеттері және функциялары**

4. Форумның мақсаты мемлекеттік жастар саясатын іске асыру мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың жастармен және жастар үйымдарымен диалогы мен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету болып табылады.

5. Форумның өнір деңгейіндегі міндеттері:

1) жергілікті атқарушы органдардың жастармен, жастар үйымдарымен диалогын және өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

2) мемлекеттік жастар саясатын іске асыру мәселелерін талқылауды қамтамасыз ету;

3) мемлекеттік жастар саясатын жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

6. Форумның негізгі функцияларына:

1) жергілікті атқарушы органдар мен жастар үйымдары өкілдерінің мемлекеттік жастар саясатын іске асыру барысы туралы есептерін тыңдау;

2) респубикалық жастар форумына қатысу үшін жастар, жастар үйымдары қатарынан өнір үшін делегаттарды сайлау;

3) жергілікті атқарушы органға, сондай-ақ респубикалық жастар форумының қарауына мемлекеттік жастар саясатын жетілдіру бойынша ұсынымдар енгізу жатады.

## **3. Форумның ету тәртібі**

7. Форумды дайындау және өткізуді жергілікті атқарушы органдар мен құрамы бекітілетін үйымдастыру комитеті жүзеге асырады.

8. Форумды жергілікті атқарушы органдар екі жылда кемінде бір рет шақырылады.

9. Форум екі кезеңде өтеді.

1) дайындық кезеңі, бұл кезеңде барлық аудандарда (облыстық маңызы бар қала), облыстарда Форум делегаттарының сайлауы өтеді;

2) негізгі кезең – өнірлік форумды өткізу.

10. Өнірлік жастар форумы аудандық (облыстық маңызы бар қала) және облыстық деңгейлерде өтеді.

11. Форумда шешім қабылдау Форум делегаттарының ашық дауыс беруі арқылы жүзеге асырылады.

12. Форумның шешімі көпшілік дауыспен қабылданады.

#### **4. Форумда жастар өкілдігін қалыптастыру**

13. Форум делегаттарының құрамын қалыптастыру аудандарда (облыстық маңызы бар қала) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіппен әділет органдарында тіркелген жастар ұйымдарының қатысуымен сайлау арқылы өтеді.

14. Форумдарға аудандардың (облыстық маңызы бар қала) жастар және жастар ұйымдарының өкілдері қатысады.

15. Ұлгілік ережелер негізінде жергілікті атқарушы орган форумды өткізуудің өз ережелерін әзірлейді және бекітеді.

16. Делегациялардың сандық құрамы Қазақстан Республикасы жастарының жалпы санынан әр ауданның (облыстық маңызы бар қала) жастары санының пайыздық арақатынасина байланысты қалыптастырылады. Форумға қатысу үшін саяси партиялардың, Қазақстан халқы Ассамблеясының, жастар ресурстық орталықтарының, оқу орындарының, мұдделі мемлекеттік органдардың және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері Форум делегаттарының жалпы санының жиырма пайызынан аспайтын көлемде қосымша шақырылады.

**Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - КР Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 15.04.2021 № 125 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.**

#### **5. Қорытынды ережелер**

17. Форумда қабылданатын шешімдер ұсынымдық сипатта болады.

18. Форумда қабылданған ұсынымдар тиісті хаттамамен ресімделеді және жергілікті атқарушы органға, сондай-ақ респубикалық жастар форумына қарастыруға жолданады.